

«Жастар. Ғылым. Техника» республикалық интернет-байқауын қашықтықтан ұйымдастыру және өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Жастар. Ғылым. Техника» ғылыми-техникалық шығармашылық зерттеу жұмыстарының республикалық интернет-байқауын (бұдан әрі - Байқау) жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында «қашықтықтан өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығын жетілдіру және ынталандыру, білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту және оқу-зерттеу қызметін ұйымдастыру, заманауи жетістіктерін көрсету.

Міндеттері:

1) балалар мен жастардың арасында ғылымды насихаттау, ғылым мен технологиялар саласындағы білім алушылардың білімдерін дамыту, оларды ғылым, техника және технология салаларындағы мамандықтарына кәсіби бағдарлау;

2) білім алушылардың ғылыми зерттеушілік және оқу-танымдық қызметін белсендіру;

3) білім алушылардың шығармашылық зияткерлік қызметін насихаттау, балалардың интеллектуалдық әлеуетін сақтауға және дамытуға қоғам назарын аудару.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау жұмыстары konkurs_unt@mail.ru электронды поштаға **2017 жылғы 17 сәуірге** дейін қабылданады.

2017 жылғы 17 сәуірден кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқаудың қорытындысы және жеңімпаздар тізімі **2017 жылғы 28 сәуірде** www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

6. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, зерттеу жұмыстарын бұқаралық ақпарат құралдарында, ғаламторда жариялауға құқылы.

7. Байқауға қатысу үшін **1500 (бір мың бес жүз) теңге** төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БИН 990140004733

ИИККZ918560000005068448

БИК КСJBKZKX

КНП 859

Кбе 16

АО БанкЦентрКредит

Төлемақы аталуы: **«Жастар. Ғылым. Техника»** байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) аты-жөнін міндетті түрде көрсету қажет

8. Байқауға қатысу үшін келесі құжаттарды konkurs_unt@mail.ru электронды поштаға жіберу қажет:

- кестеге сәйкес өтінімді;
- сканерден өткізілген түбіртек немесе төлем тапсырмасын;
- электрондық түрде байқаудың жұмысы.

3. Қатысушылар және байқауға қойылатын талаптар

9. Байқауға жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының **13-17 жас** аралығындағы білім алушылар мына жас санаттары бойынша қатыса алады:

орта жас санаты: 13-15 жас;

жоғарғы жас санаты: 16-17 жас.

10. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

Транспорт: авиациялық, ғарыштық, әуеғарыштық техника; жердегі көлік (автокөліктік, темір жол көлігі және т.б.), су көлігі және кеме құрылысы; жанармайдың балама түрлері бойынша көлік құралдары, велосипед көлігі және т.б.;

Энергетика және балама энергетика: жылу энергетикасы мен электр энергетикасы; ядролық энергетика және жылу физикасы; балама және көміртектік емес энергетика; энергияны үнемдеу технологиясы; жанармайды өндіру және жасап шығару; радиобелсенді қалдықтарды пайдалану және көму және т.б.;

Радиоэлектроника, оптика, аспап жасау: радиотехника, электроника және наноэлектроника; байланыс; электротехника және т.б.;

Экология, химиялық және биотехнологиялар: заманауи химиялық технологиялар; қоршаған ортаны техногендік әсерден сауықтыру; табиғат пен суды пайдалану; тұрмыстық қоқыстарды қайта өңдеу және т.б.

11. Зерттеу жұмысын дайындауға және орындауға қойылатын талаптар.

Байқау зерттеу жұмысына титул парағы (білім беру ұйымы, аудан (қала/ауыл), облыс, байқау жұмысының тақырыбы мен номинациясы; зерттеу жұмысының тақырыбы; автордың аты-жөні, тегі, сыныбы, e-mail; жетекшінің толық аты-жөні, тегі, жұмыс орны мен лауазымы; жұмыс жазылған күні), аннотация (қысқаша сипаттама) 1 беттен көп емес; жобаның мақсаты, болжам (гипотеза), зерттеу әдісі, ғылыми тәжірибе, өзіндік жаңалығы мен деңгейі, жұмыстың нәтижелері, нәтижелерді қолдану аясында қамтуы тиіс.

12. Зерттеу жұмыстарына қойылатын талаптар.

Байқауға шығармашылық ғылыми-зерттеу жұмысы ұсынылуы тиіс.

Мазмұны (бет парақтарын көрсете отырып);

Кіріспе бөлімінде нақты мақсаты мен міндеттері мазмұндалады, зерттеудің өзектілігі және жұмыстың практикалық маңыздылығы негізделуі керек, 1 беттен көп емес;

Негізгі бөлімде теориялық негіз бен практикалық зерттеудің қорытындысы, барлық сандық, деректі мағлұматтар және оларды өңдеу қорытындыларын талдау; қойылған міндеттерді шешу әдістерінің сипаттамасы; жұмыстың қорытындысы және олардың талқылануы, 5 беттен көп емес;

Қорытынды 1 беттен көп емес;

Мазмұны (қолданылған әдебиеттер тізімі);

Жетекшінің пікірі: таңдаған тақырыптың өзектілігі көрініс табатын, жұмыс авторының жеке үлесі, жұмыстың кемшіліктері, нәтижелердің одан әрі пайдалану жөніндегі ұсынымдары.

Қосымша сызбаларды, кестелерді, диаграммаларды, фото суреттер мен видео материалдарды қамтуы тиіс.

13. Форматы А4, шрифт Times New Roman 14, жолдардың арақашықтығы бір интервал, жұмыстар электронды түрде қабылданады. Жұмыстың көлемі 9 беттен аспауы тиіс.

14. Байқауға қатысушы бір немесе бірнеше номинацияларда қатыса алады. Қатысушыдан әр номинацияға бір ғана жұмыс қабылданады. Төлемақы әр номинацияға бөлек жұмыс ретінде төленеді.

15. Байқауға қатысушы балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайттағы «Эврика» ғылыми-техникалық шығармашылық және өнертапқыштар клубына («В Контакте» әлеуметтік желісі арқылы) бірлестікке тіркелу керек.

18. Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:

- жобаның тақырыбына сәйкестігі;
- шығармашылық тәсілдері;
- жұмысты өз бетінше орындауы;
- алынған нәтиженің жаңашылдығы;

- техникалық жарамдылығы;
- ұсынылған материалдардың сапасы және мазмұндылығы;
- зерттеу нәтижесінің қорытындысы.

4. Байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

19. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

20. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелердегі дипломдармен және жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады, орын алмаған қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, қатысушыларға сертификаттардың, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттардың электронды нұсқалары www.ziyatker.org сайтында мына сілтеме бойынша <http://www.ziyatker.org/#!-/c10hg> жүктеп алу мүмкіндігімен орналастырылады. Анықтама телефондары: 8(7172)72-98-99 («Жастар. Ғылым. Техника» байқауы).

Диплом, сертификаттардың онлайн нұсқасын жүктеу үлгісі www.ziyatker.org → Республикалық шаралар → «Жастар. Ғылым. Техника» байқауы → әрі қарай.

Ережеге қосымша

Қашықтықтан өткізілетін Республикалық интернет-байқауға қатысу туралы
ұсыным

Қатысушының аты-жөні, жасы	Облыс, қала, аудан, ауыл, білім беру	Байқаудың, номинациясының, жұмыстың аталуы	Байланыс құралдары (ұялы телефоны,	Жетекшісінің аты-жөні
----------------------------------	--	--	--	--------------------------

	ұйымының аталуы		электронды поштасы)	
1	2	3	4	5

2-қосымша

Титул парағын толтыру үлгісі

«Жастар. Ғылым. Техника» республикалық интернет-байқауы

Номинация:

Тақырыбы:

Жұмыстың авторы:

Білім беру ұйымының мекенжайы: Павлодар облысы, Шарбақты ауданы,
Шарбақты ауылы, №1 орта мектебі, 11 жас. (қазақ және орыс тілдерінде)

Жетекшісі: Петрова Инна Ивановна

2017 ж.